

**Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах"  
мемлекеттік компаниясын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 17 тамыздағы N 776

"КХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясын құру туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 2 маусымдағы N 4003 U984003\_  
Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах"  
мемлекеттік компаниясы жарғылық капиталында мемлекеттің 100 проценттік қатысу  
үлесі бар жабық үлгідегі акционерлік қоғам болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулыдан туындастырылғанда  
қажетті шараларды қабылдасын.

**3. М ы на л а р д ы н :**

1) "Қазақстан Республикасының шетелдік сақтандыру жөніндегі "Қазақинстрах"  
мемлекеттік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинетінің 1995 жылғы 20 қаңтардағы N 71 қаулысының (Қазақстан  
Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 3, 41-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер

енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031

P961031\_

қаулысымен (Қазақстан  
Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат) бекітілген Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің  
29-тәрмағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК